ZHETYSU UNIVERSITY
1972

# Jetisý ýnıversıteti

№2 (227)
17 aqpan
2023 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



# ХАДЖЕТТЕПЕ УНИВЕРСИТЕТІНЕ САПАР

Жуырда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Қуат Баймырзаев бастаған делегация түрік елінің астанасы Анкара қаласындағы Хаджеттепе университетіне іссапармен барып қайтты.

Сапар барысында ректор Қуат Маратұлы Хаджеттепе университетінің ректоры Мехмет Джахит Гуранмен кездесті. Онда Хаджеттепе университетінің қазақстандық филиалы туралы Меморандум жобасы талқыланып, екі жақтың білім беру, инфрақұрылымдық, әкімшілік және қаржылық талаптары қаралды. «Тағам инжинирингі», «Қоршаған орта инжинирингі» білім беру бағдарламаларына академиялық шолу жасалды. Оқу процесін ұйымдастыру (оқуға қабылдау, оқыту тілі, оқыту схемасы және т. б.), филиалды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және басқада бірқатар мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылды.

Жетісулық делегаттар Хаджеттепе университетінің Инжиниринг факультетінің Тағам инженериясы, Экологиялық инженерия кафедраларында болды. Кафедра меңгерушілері оқу аудиторияларын жабдықтаумен, «Тағам инжинирингі», «Қоршаған орта инжинирингі», «Тау-кен инжинирингі» білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ететін оқу зертханаларының жабдықтарымен, Технополюс Хаджеттепе (университет технопаркі) инфрақұрылымындағы практиканың жекелеген базаларымен таныстырды.

Тараптар білім беру бағдарламаларының мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру, практикадан өту, дипломдық жобаларды орындау, кадрлық қамтамасыз ету, оқыту тілі тағы бірқатар мәселелерді талқылады. Сондай-ақ, түлектердің оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қарастырды.





ЖУ ЗЕРТХАНАСЫНДА ҚАЗАҚ БИДАЙЫНЫҢ ГЕНЕТИКАСЫ ЗЕРТТЕЛУДЕ



2 бет

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫН ТАҢДАҒАН, МҰРАТЫНАН ТАНБАҒАН...



4 бет



ІЛИЯС ПЕН ЧЕХОВ ҮНДЕСТІГІ

6 бет

ПРИГОВОР, ВЫНЕСЕННЫЙ ПРЕСТУПНИКОМ



7 стр.

# ЖУ ЗЕРТХАНАСЫНДА ҚАЗАҚ БИДАЙЫНЫҢ ГЕНЕТИКАСЫ ЗЕРТТЕЛУДЕ

Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Орта Азиялық бидайдың генетикасы мен геномикасы» тақырыбында халықаралық ғылыми семинар өтті. Онда қазақстандық бидайдың генетикасы зерттелді. Семинарға бидай генетикасымен айналысып жүрген Ұлыбритания, Түркия, Пәкістан, Өзбекстан, Қырғызстан және еліміздегі жетекші оқу орындарынан зерттеуші ғалымдары келді. Олар қазақ бидайынан бөлек, Орта Азиялық бидай генетикасы мен геномикасы туралы зерттеулерін ұсынды.

Төрт күндік семинар барысында доктор Людзи Винген статистикалық және биоақпараттық талдау жасады, бидай генетикасы мен геномикасын басқару бойынша ғылыми жұмыс ұсынды. PhD кандидаты Анна Бахус бидай гүлінің генетикалық архитектурасын зерттеді.

Жетісу университетінің Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев - Қазақ бидайының бейімделуі мен өнімділігінің генетикалық бақылауы бойынша ғылыми зерттеулерін таныстырды.

«Қазақстан жер көлемі үлкен болғандықтан, астық өндіруші мемлекеттердің алдыңғы қатарына кіреді. Алайда, Ұлыбритания орта есеппен 1 гектар жерден 10 тонна бидай алса, Қазақстан 1 гектар жерден 1 тонна бидай алады екен. Осы орайда Қазақстандағы бидай өнімділігінің потенциалын гектарына 5 тоннаға дейін арттыру мақсаты тұр. Яғни, қазіргі өнімділікпен салыстырғанда 4 тоннаға дейін көтеру керек. Ал ол 4 тоннаның 50 пайызына технология, 50 пайызына генетика жолдары арқылы жетуге болады екен. Қазақ бидайының бейімделуі мен өнімділігінің генетикалық бақылауын зерттеу жалғасады», - дейді ғалым.

Джон Иннес орталығының профессоры Кристобал Уауидің айтуынша, зерттеулердің мақсаты - табиғи организмді қолдана отырып қазақ бидайына қажетті генді екінші сорттан алу. Өйткені, бидайдың жаңа түрін жасап шығару үшін кемінде 12 жыл уақыт кетеді.

Ғылыми алаңда қазақ бидайының генетикалық картасы, QTL карталау, GWAS, RNA seq, биоинформатикалық және геномдық ресурстары таныстырылды.

Айта кетейік, аталмыш халықаралық семинардың ұйымдастырушысы – Ұлыбританияның Джон Иннес орталығы.

# САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясына сай 2023 жылы 19 қаңтарда жетінші сайланған Парламент Мәжілісін тарату мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының өкілеттігін тоқтату туралы Жарлыққа қол қойды. Конституцияның баптарында көзделген тәртіппен елімізде 2023 жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының азаматы және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан, жасы жиырма беске толған азамат Мәжіліс депутаты, ал 86-бапта қарастырылған тәртіп бойынша мәслихат депутаты бола алады.

Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 87-бабында қарастырылған:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсынушыларға беріледі.

2. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мәжіліс депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқығы жоқ.

Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

Саяси партиялар өздерінің мүшелері болып табылмайтын адамдарды партиялық тізімдерге енгізуге құқылы емес.

Саяси партияның жоғары органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауы кезінде сайлау округтері құрылады:

Партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады. Яғни, бүкіл қазақстандықтар өздерінің конституциялық құқықтарын пайдалана отырып, мәжіліс депутаттарының сайлауына қатысады.

*Заңның 4-тармағына сай мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аумақтық сайлау округі құрылады. Демек, сайлаушылар өздері тұратын әкімшілік-аумақта мәслихатқа депутаттардың сайлауға атсалысады.*

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде сайлау округтері өңірлердің әкімшілік-аумақтық бөлінісі мен сайлаушылардың саны ескеріле отырып құрылады.

Тіркелген кандидаттар 88-бапқа сай жарна төлеуді жүзеге асырады. Қазір Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген (Amanat партиясы; «Ақ Жол» Қазақстанның демократиялық партиясы; Қазақстан Халық партиясы; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы; «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия»; Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы;«Respublica партиясы» қоғамдық бірлестігі). Партиялық тізім бойынша сайланатын кандидаттар үшін сайлау жарнасын саяси партиялар төлейді.

Партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде Орталық сайлау комиссиясының шотына саяси партиялардың қаражатынан сайлау жарнасын енгізеді. Бүгінде оның мөлшері 1 050 000 теңгені құрайды.

Мәжіліс депутаттығының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 5 және одан да көп пайызын алған саяси партиялар сайлау жарнасын төлемейді. Бір мандаттық округтерге түскен кандидаттар нақ сол мөлшерде жарна төлейді.

Ал мәслихат депутаттығына үміткерлер ең төменгі жалақының 5 еселенген мөлшерінде, яғни 350 мың теңге сайлау жарнасын төлейді.

Саяси партия сайлау қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде 5 пайызын алған жағдайда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна саяси партияға қайтарылады.

Парламент Мәжілісінің депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

*Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.*

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша – депутаттардың жартысы, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша екінші жартысы сайланады.

*Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.*

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының көпшілігін жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

69 депутат партиялық тізімдер бойынша, ал 29 депутат бір мандаттық аумақтық округтер бойынша сайланады.

Сайлауға қатысу азаматтардың міндеті емес, конституциялық құқығы, бірақ сайлау кезінде белсенділік таныту, сайлауға атсалысу қандай да бір деңгейде азаматтардың елінің болашағына бейқам қарамауын, отансүйгіштігін, елінің болашағын ойлағандығын, белсенділігін білдіреді. Сондықтан Отанымыздың болашағы үшін атсалысайық!

**Салтанат ТИНИСТАНОВА,**
**құқық саласы бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, тарих ғылымдарының кандидаты.**



**Күлпан АЛИКЕНОВА,**
**ф.ғ.к, қауымдастырылған профессор, мәдениеттанушы,«Рухани жаңғыру» ғылыми-білім беру орталығының аға ғылыми қызметкері.**

# РУХЫ ЖОҒАРЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҰРПАҒЫ МӘҢГІЛІК

Ұлттық бағдарламалар, жобалар қоғамдық сананың жаңғыруына, ұлттық, жекелеген адамдардың азаматтық бірегейлігін қамтамасыз етуге негізделеді. Мемлекет тарапынан ұсынылған «Рухани жаңғыру» идеясына терендей алмай жатқан тұстарымыз да жоқ емес. Мұндай жағдай көптеген мемлекеттің тарихында болған. Қоғамда жаңа нәрсе жасауға болады, бірақ сананы өзгерту, оған ықпал ететін дүниелерді зерттеу, қоғамдық сана өрісінде орнықтыру оңай нәрсе емес. Уақыт өзгерген сайын қоғам да өзгере түседі. Сананың өзгерісі қоғамның өзгерісіне қарағанда күрделі. Себебі, сананың өз талғамы, өзінің уақыт талабына сай қажет ететін құндылықтары бар.

Рухани жаңғыру, мәдени мұраны қазіргі уақытта таралу үрдісіндегі басты мәнін анықтайтын, ескі мен жаңаның байланысын іске асыратын ұрпақтар сабақтастығының қабілеттілігі, мәдениеттің дәстүрлі негіздерін қайта жаңғырудан көрініс табады. Мәдениеттің негізгі ерекшеліктерінің бірі – ұрпақтар сабақтастығы, әлеуметтік тәжірибенің таралуы. Қазіргі мәдениетте нені сақтау керек, келесі ұрпаққа нені қалдыру керектігі туралы да сөз қозғауға болады. «Дәстүр әдетке сіңген салт-сана, ғұрып, мирас. Дәстүр, берілу немесе қалдыру, мұра. Осы берілудің қасиеттері мен сипаттары күрделі қоғамдық құбылысты дәстүр деген ұғымды туғызады, дәстүр ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып. Ертеден ұзақ уақыт ұлт бойына қалыптасып, сіңіп кеткен салт-сана, дағдылар – ол қоғамдық ойдың дәстүрдің жиынтығы», - деп түсіндіріледі қазақ тілі түсіндірме сөздігінде.

Рухани құлдырауды еңсеруге, руханият бастауларын тануға жүгіну ісінде – ұлт мұрасын зерттеудің маңызы зор. Осыған орай, философ Аманжол Қасабек «қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық тарихи процестегі дәстүрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіну мүмкін емес» деп жазды.

Батыс өркениетті Шығыстан алған білім-ғылымды одан әрі дамытып, бірнеше жүз жылдың ішінде әлемді өзгерткен жаңашыл өзгерістер мен табыстарға қол жеткізгені мәлім. Батыс әлі де болса бұл негіздегі үстемдігін сақтап, ары қарай дамытуға мүдделі болып отыр. Сонымен бірге батыс әлемі «материалдық-техникалық жағынан қандай биік сатыға көтерілгенімен, рухани жағынан сондай төменге құлдырады. Оның дәлелі орасан-зор қылмыстық, ішімдік, нашақорлық тағы басқа қазақ санасына жат құбылыстар. Сонымен, тән ләззаты бірінші орынға қойылып, материализм бағыты тек қана философияда ғана емес, бүкіл өмірді шырмап толығынан жеңді.

Енді Шығыс өркениетіне келер болсақ, ол қауымдастыққа, қоғамдық мүдденің жеке адамға қарағанда жоғары тұруына негізделген. Шығыс елдерінде өндіргіш күштер осы уақытқа дейін төмен деңгейде, кедейшілік, тұрмысқа ең қажетті нәрселердің жетіспеушілігі – көп жылдарға созылған дағдарысқа айналды. Сонымен қатар, кейбір Шығыс елдері (Жапония, Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея т.б. елдер) өз ділі мен мәдениетін сақтаудың негізінде ең соңғы озық технологияларды игере біліп, постиндустриялық өркениет сатысына көтеріле білді. Осы жолмен тез қарқынмен дамып келе жатқан алпауыт Қытайды да атап кетуге болады.

Осы халықтардың онтологиялық тіректі рухани дүниенің әрқилы саласынан таба біліп (жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, парсылар поэзиядан және т.б.) басқа салаларды сол жүйені құраушы элементтер ретінде қарастыруы жалпы өмірдің мәнін ашатын көптұрліліктің бірлігі заңдылығымен сәйкес келеді. Біздің халқымыз адамзат тарихында моральдық-этикалық қалыптарды өзінің дүниетанымына негізгі арқау еткен халықтардың қатарына жатады.

Қазақстандық қоғам келешегін берік етуге зиялыларымыз әртүрлі жолды ұсынды. Олардың әрқайсысының да рационалды негізі ойларын жинақтап, теориялық мәселелерін салмақтап, ой қорыту, әлеуметтік ортада тиімді пайдалану қажеттілік (прагматизм бағытында). Қазақстанның Батыс пен Шығыс әлемі арасында дәнекер көпір боламыз деп өзіндік орнымыз бен бет-бейнемізді де жоғалтып алмауымызды қадағалағанымыз жөн деген ой түйіп жүрміз. Біздің түрік бабамыз Тоныкөк өзі Қытай білімін ала тұра «өзге халықтардың құндылығын қабылдауға болады, бірақ ол үшін өз әдет-ғұрпыңды сақтай отырып, өзге елдің әсеріне түсіп кетуден аулақ болу керек» дейді. Мұны биік дәстүрдің ұлылығы және оның қазақ ойында терең бедерленуімен түсіндіруге болады. Адамзаттың рухани әлеміне барынша толыққанды көңіл бөлгеніміздеи ешқашан ұтылмаймыз. Ғасырлар бойы осы адамгершілік қатынастарға негізделген мәдени салт-дәстүрлер әлеуметтік байланыстарды реттеп, осы рухани құндылықтардың төңірегінде ұлтты іштей ұйыстырып келді. Дәстүрді сақтауымыз керек. Жаңашылдықты да қабылдауымыз керек. Әрбір ұлт өзінің мәдени мұраларын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық, адамзат тарихы алдындағы мәртебесін биіктете түседі. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын болады.

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Өз тарихын жетік меңгерген, мәдениетін құрметтеп, рухани құндылықтарын бағалай білетін ұлттың болашағы жарқын болары сөзсіз. Ал сол қазынаны сақтау үшін салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды білу маңызды. Меніңше, біз ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуіміз керек. Тіл құрыса, халық да жоғалады деген сөз бар. Міне, осы орайда тіл мәртебесін өсіріп, абыройын арттыруға барша халық болып атсалысуымыз қажет. Н.Назарбаевтың жолдауында үш тілді күнделікті өмірде қатар алып жүру керек делінген. Идея жаман емес, алайда халық бұл шешімге қарсылық танытты. Өйткені шала сөйлейтін қазақ көп. Өз тілін менсінбесе, қалайша өзге тілді меңгермек? Осындай сұрақтар жанды жегідей жейді. Ал жастар жағы елдің көркейіп, дамуына үлес қосу үшін білімнің маңызы зор екенін түсінгендей. Бүгінде олардың шет тілге деген қызығушылығы артты. Мысалы, ағылшын, түрік, қытай, корей, неміс тілдерін үйреніп жүрген білімгерлер жетерлік.

Қазақстанның заманауи әлемдегі бәсекелік қабілеттілігін арттырып, ұлт намысын сақтау үшін тамырын тереңге жайған тарихқа құрмет көрсету парыз. Бұл ата-баба аманаты екенін ұмытпау керек. Атақты неміс философы Георг Гегельдің «Рухы оянбаған халық тарих көшінен шет қалады» деген сөзіне назар аударған жөн. Жас ұрпақты отансүйгіштік пен еңбекке баулу – біздің міндет. Қоғам үшін қызмет қылып, ар-намысты бойына сіңіртіп, әділеттілікке тәрбиелеу – мақсатқа айналуы тиіс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын?

**Айнұр НҰРЛАНҚЫЗЫ,**
**ШТҚ-413.**

# ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ

Әртейді кеп әзекті «өзім» деген,
Көппен көріп, санаспаймын өзімменен.
Өзгелерді ойға алып жүргенімде,
Өзімшіл боп көрінуді сезінбегем.

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда. Көпшіліктің пікіріне сүйенсем, мен туралы өзіне сенімді, алғыр, мінезді, әрі жүрегі жұмсақ; қолындағы барын өзгеден аямайтын, өзін емес, өзгелерді аялайтын; барлық салада дарынды, қаламы қарымды; өнер емес, өмір белсендісі Жанель жайлы сөз қозғайтыны анық.

Осы ойға келісе отырып, сәл-пәл толықтырсам. Отбасымда жалғыз түйір бүр ашқан алуа гүл, жақын жандарымның көз қуанышына сеп болған нұр, көпке оңай ашылмас, ішкі болмысы қағаз бетіне жазылмас ақын жүрегінің сырымын. Анамның қолғанаты, қорғаны, әрқашан достың да, дұшпанның да қолдауы болатын, қанаты қайырылмайтын Қанатайдың қызымын.

Өмірімдегі өтпелі кезеңдердің әсерінен өзгеге салқынқанды, өркөкірек, өзімшіл адам болып көрінгеніммен, сезімтал жанмын. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – қиындықта еңсесі түсіп жасымайтын, ашуы бір сәтте басылмайтын, жетістігі сан алуан болсадағы, мақтанып, артық сөзбен тасымайтын адаммын. Анамның ақ сенімін арқау еткен, өзгелер көкке көтеріп мақтан еткен Қанатайдың қызымын. Болашаққа сенімім мол, мақсатым айқын. Арман қадамымен ақындық қасиеттің қаламына сүйеніп, жүрек қалауын орындауды – нағыз жетістік деп білемін.

**Жанель ҚАНАТАЙ.**

# БҰЙЫРҒАН КЕТПЕС

Адам өмірге келгенде бір емес, бірнеше қызмет атқарады. Өмір – әр адамға берілетұғын үлкен сый, бақыт. Өзімнің 19 жылдық қызметім жайлы сөз қозғасам.

Есімім Назерке. Алакөл ауданы, Қабанбай ауылында дүниеге келдім. Ең қызығы ол жерде мүлдем тұрған емеспін. Талдықорған, бала-бақша, №12 орта мектеп гимназиясы, соңғы қоңырау. Содан не керек, қай оқу орнына түссем, қандай мамандықты таңдасам деген сұрақтар жиі мазалайтын. Ақыры «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі боламын-ау деп жүр ем, алайда бұл өмірдің маған дайындап қойған тосын сыйлары көп екен...

Біздің «Жетісу» телеарнасы, «Ұлы бір күндік төңкеріске» бір ай уақыт қалғанда, қонаққа шақырды. Ғимаратты аралап, журналистердің жұмысын бақылап, көріп, осы мамандыққа ғашық болдым. Ата-анамның қарсылығын түсінуге болады: мамандық бойынша жұмыс табу қиын, грант аз, статус жоқ. Не болса да, соңына дейін бару керек. ҰБТ. Қобалжу.

...15 тамыз шыққан тізімде өзімді таппадым. Неге маған бұйырмады бұл бақ деген ой мен ақталмаған үміт жанымды жегідей жеді. Әйтеуір, 1 курс. Онлайн сабақ. Төлеп оқығандықтан, барынша үздік болуға тырыстым. Шілде айы. Жазғы демалыс. Бірге оқитын құрбым Жанель қоңырау шалып, бір грант босағаны туралы жақсы хабар жеткізді. Анкета толтыр, бәлкім, бұйырып қалар деп жаны қалмады. Өз басым сенбедім, бірақ ішімде бір үміт оты маздағандай.

Сол жалынды күтіп жүрген кезім. Күз. 2-ші курс. Кураторым Жұмағали ағай ортақ топқа хабарлама жазды: «Біздің топта қуаныш! Кәкімова Назерке мемлекеттік білім грантына ауысты. Құтты болсын!» Менің қуанышымда шек жоқ. Үй-ішім риза. Кей кезде біз ойлаған дүние, алға қойған мақсат, ұлы жоспар мен асқақ арман орындалмаса, көбіне уайымдап, қайғырып, күйзеліске түсіп жатамыз. Қол сілтеп, оңай беріле саламыз. Қуған жетпес, бұйырған кетпес деген осы шығар. Алда мені бұдан да биік белестер күтіп тұр деу керек екен ғой. Ешқашан мойымай, өзіңе сен! Өйткені, өзіңді алып шығар – еңбегің мен ақылың екі жақтап.

**Назерке КӘКІМОВА,**
**ЖПҚ-311.**

# МЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ

Мені көбінесе тәкаппар санайды. Түрім суық болғандықтан шығар. Жалғыздық жаныма жақын. Сол себепті де бәрінен алыстап кетуім мүмкін. Кешқұрым, түн, тыныштық – менің махаббатым.

Негізі үлкен мен кішіге құрметім бір, қолымнан келсе, көмегімді аямауға тырысамын. Бәлкім, біреу аңқау дер. Мақтанғаным емес, бірақ өзімді жақсы адам қатарына қосамын. Әрине, бойымда кемшілік аз емес. Ең жаманы – еріншектік, жалқаулық. Кейде ойланбастан көп сөйлеп, адамдарды ренжітіп алатыным бар. Әзілімді де тек таңдаулы жандар түсінеді. Адамдармен тіл табысу оңай, бірақ танысу қиын.

Бала күннен өнерге ғашық ем. Домбыра, гитара, ән-би, сурет үйірмелеріне қатысып, мектепте белсенді оқушылардың қатарында болдым. Өсе келе бәрін ұмыттым. Өзіме не керек екенін ұға алмай келем. Бұл өмірде өз орнымды әлі таппағандаймын. Шын мәнінде, өзімді әлі күнге дейін толық білмейді екем. Адам өмір бойы өзін іздеп, зерттеп өтеді екен ғой. Мен де, бір кірпіш дүниеге кетігін тауып, қаланармын әлі...

**Аян АЙДАРҚЫЗЫ.**

## М. МАҚАТАЕВ:

# XXI ғасыр ұрпақтарының құрдасымын



Бозарып атқан ақ таңда,
Бозарып тұрып ақпанда,
Есіңе мені алғайсың, — деп поэзия әлемінің асқар шыңы Мұқағали Мақатаев назын жырға қосып кетті. 9 ақпан ақынның туған күніне арналған «Дара тұлға, ұлы шайыр, бір өрен, жырларына сыйып жатқан бар әлем» атты әдеби-сазды кеш өтті. Ұйымдастырушысы – ЖУ профессоры Дүйсен Сандыбайұлы және Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-4 курс студенттері. Осылайша жазиралы жыр мекен Жетісу өлкесіндегі №17 білім шаңырағы қара өлеңмен қауышты. Жүректі езіп, кеудені қысар тылсым сезім сыйлаған шара – ақиық ақынның 92 жылдығына гуманитарлық факультеттің тартуы еді.

Мектеп белсендісі Төлеубек Ілияс ерек қоңыр даусымен Мұқаметқали Сүлейменұлының сөзіне жазылған «Есіңе мені алғайсың», «Арман-ай» секілді тамаша композицияларды тарту етті. Нағыз ер жігітке тән зор үн кешегі өткен Ескендір Хасанғалиев, Ермек Серкебаев сынды танымал тұлғаларды көз алдыңа әкелгендей-ақ.

Ұстаздар мен оқушылар жарқын жанның өмірі жайлы бейнематериал тамашалап, мың бұралған бишілерден ерекше әсер алғаны рас. Пленканы артқа айналдырғанмен пара-пар. Осы сәтте тулап шығып, тамақты жұлмалайтын өксік пайда болады екен. Жанардан домалаған мөлдір моншақ – өнер атты ұлы ұғымға мойынсұну, жан-тәніңмен берілу. Жас ұрпақтың поэзияға деген шексіз, шынайы құмарлығы олардың Мұқаңмен құрдас, сырлас екендігінің бірден-бір дәлелі.

Жалынды жастар дарынның қаламынан тамған ғажап пен азап, өкініш пен өтініш, оқ пен шоқтың тізгінін тең ұстаған өлеңдерін оқып, тыңдарман қауымның ыстық ықыласына бөленді.

«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!», — деп Қадыр Мырза Әлі бекер жазбаса керек. Қара домбыраға жан бітіп, «Балбырауын» күйі шертілгенде Қарасаздың баурайынан бір-ақ шықтық. Бір түнде, бір деммен жазылған «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын тыңдап, табиғат пен ақын сезімінің үндесуінен туған ғажап дүниеге куә болдық.

Мұз өмірде музасын іздеп, ғашықтық жайлы қалам тербемеген ақын жоқ шығар, сірә?! Бақыттың кілті еш уақытта ит тірліктің азуында кетпеуі керек. Мұзбалақтың трагедиядан туған туындысынан осыны аңғарамыз. Оқушылар «Қош, махаббат» пьесасынан үзінді ұсынды. Қаны тасып тұратұғын от буын – киелі сахнаның келешек майталманы. Ақиық ақынның ізін қуған, тұмшаласа да талай тұман, адаспай артынан ерген жастар көп екен бұл өңірде. Кеш соңында мектеп басшысы сөз сөйлеп, өнерден бұрын өрең биік болсын деген жылы лебізін білдірді.

Ақ ұлпа жерді жапқанда, ағаштар сырға таққанда ақ маңдайлы бекзатты есті ұрпақтың есіне салу – парыз. Тау ұлының алып өнерін насихаттау мақсатында 2005 жылдан бері оқу ордасында «Мұқағалитану» курсы жұмыс істеп келеді. Бұл бастама жасөспірімнің рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, әдеби әлемге қадам басуына ықпал еткені анық. Илиястанушы ғалым Мұратбек Мұбарақханұлы айтқандай, жүректеріңіз әсем ән мен өрнек-өлеңге тола берсін!

**Бетті дайындаған**
**Алтынай МАҚЫМ.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# ҒЫЛЫМ ЖОЛЫН ТАҢДАҒАН, МҰРАТЫНАН ТАНБАҒАН...

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі - білім.

Білім берудің сапасынан технологиялық, экономикалық, саяси үдерістің қарқыны, қоғамдағы мәдениет пен рухани жағдайы және адамның өмір сүру деңгейі өлшенеді. Мемлекетіміз бүкіл әлемдік бәсекелестікке төтеп беруі үшін адами капиталға аса зор көңіл бөлуде.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік білім беру саласындағы кадрлық саясатқа да байланысты. Бұл - білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ғалым-ұстаздардың өлшеусіз еңбегі арқылы беріледі.

Еліміздегі ғылымның дамуы мен жоғары білім беру ісіне өлшеусіз үлес қосып жүрген жандардың бірі – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, экономика ғылымының докторы Қалдияров Данияр Алтайұлы.



Жасынан ойы ұшқыр, мінезі алғыр, білім-ғылымға жаны құштар Данияр Алтайұлы өмір жолын өнегелі ететін білім екендігін ерте түсінді. Оның үстіне, білім биігінен көріне бастаған ағаларының да ықпалы жасөспірім жігітке үлкен әсер етті. Елгезек, білімқұмар Данияр дана Абайша айтқанда ғылымға іңкәрлік танытып, тас қиялға өрлеу үшін талаптың тұлпарын мініп арман қала Алматыға келеді.

Дүниенің таңғажайып құбылыс-сырын білсем, көрсем, оқысам-тоқысам деген ұшқыр ой, терең түйсік, жалынды жас 1980 жылы мектеп бітірісімен білім ордаларының қара шаңырағы – С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Математика мамандығына оқуға түседі. Ол кезде ата-ана үшін баласының жоғары оқу орнына қабылдануы үлкен абырой, зор жетістік саналатын. Ата-ананың ақ батасы, туған-туыстың зор қошеметі, асқақ арман мен зор сенім жас жігітті осылай алға итермелеп, өрге сүйреді.

ҚазМУ - Қазақстан ғылымының қалыптасуына зор үлес қосқан, экономикалық ғылымның негізгі даму тенденцияларын айқындайтын, ұлттық экономиканың көптеген салаларында, табысты жұмыс істейтін мыңдаған экономистерді өсірген шаңырақ. Данияр Алтайұлы 1985 жылы еңбек жолын осы шаңырақта Жоғары математика кафедрасының инженері болып бастады.

Ғылым жолы - ауыр жол десек те, қоғамды ілгерілететін бірден-бір күш – ғылым. Ғылыммен айналысу - қиындығы мен қызығы мол қызмет. Жастық қайрат, сергек ақыл, қаны тасыған жүрек қана шынайы махаббатпен айналысқанда ғылымның көсегесін көгертеді. Көсегесі көктеген ғылым ғана елдің еңсесін тіктейді. Өркениет әлеміне тікелей жол ашады.

Данияр Алтайұлы 1987-1989 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы СССР Ғылым Академиясының жобалауды автоматтандыру институтының стажер-зерттеушісі болды. Ол жаңа білім алу үшін өз уақыты мен күш-жігерін сорп етуге дайын болды. 1989 жылдан 1994 жылға дейін Ресей ғылым академиясының жүйелік зерттеулер ғылыми-зерттеу институтында аспирантурада жалғастырады.

Ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды пайымды істің парасатына бөлейді. Жас педагог-ғалымның қалыптасуына оның тәлімгерлері, ең алдымен, ҚазҰУ экономика факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор Елемесов Раушан Елемесұлының еңбегін ерекше атап өткен жөн. Бұл бастамашыл, талапшыл, жігерлі жасты педагогикалық және ғылыми қызметке тарту үшін танымал профессорлар мен талантты түлектер-экономистерден құралған топқа қосты. Онда озық ойлы, көрнекті ғалым-экономисттерден сабақ алды, тәжірибесін толықтырды. Жас оқытушыларды ғылымға баулуда Б.М.Мұхамедиев, С.С.Оспанов сияқты тәжірибелі экономист-математик ғалымдар ортасында шыңдалды. Оның жемісі - 2000 жылы «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік саласының шағын кәсіпорындарын несиелеу тиімділігін бағалау әдістері мен модельдеу» тақырыбында экономикадағы математикалық әдістер мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғауы.

Аспирантураны бітіргеннен кейін 1996-2010 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Макро-микроэкономика» кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доценті, «Экономика және бизнес» факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды.

Негізінде, жаңа бір құбылысты зерделеген сайын өзіңнің білетініңнен білмейтінің көп екенін және оның шексіздікке созылатынын, одан сабақ алған адам ғана дұрыс ойлай алады, әрі оның ғылыми пайымдауы да жоғары болатыны сөзсіз. Міне, алдына таудай мақсат қойып, соған ұмтылған жан ғылыми жұмысын әрі қарай жалғастыруды жөн көрді. 2010 жылы экономиканың математикалық және инструменталды әдістері саласы бойынша "ҚР индустрияды-инновациялық даму стратегияларына инвестициялардың тиімділігін бағалау модельдері мен әдістері" тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Оның жемісі - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 13 шілдедегі шешімімен берілген экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі.




Ал, арада 7 жыл өткен соң ғылыми ізденістің тағы бір нәтижесі - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2018 жылғы 13 сәуірдегі шешімімен Д.А. Қалдиярювка профессор ғылыми атағы берілуі.

Д.А.Қалдияровтың өмірге деген сүйіспеншілігі, өзіне және қызметкерлерге деген талапшылдығы, еңбекқорлығы сияқты қасиеттерін байқаған І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сол кездегі ректоры Ә.Е.Бектұрғанов қаржы және экономика факультетінің деканы қызметіне шақырады. Өзінің еңбек жолын жер жәннаты Жетісуда жалғастырған педагог-ғалым қоғам мүддесіне қызмет ете отырып, ғылыми әлеуеті мен рухани-өмірлік күштерін әрі қарай дамытуды жалғастырады.

Жаңа білім ордасының іргелі де озық ұлттық білім ошағына айналып, жаңа мазмұнды оқыту жүйесіне көшуіне мүмкіндігінше күш салады. Ол үнемі ізденіске толы өмірін факультет деканы қызметінен университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректорына дейінгі өнегелі баспалдақтардан өтті. 2021 жылдың қыркүйегінен Басқарма төрағасы –ректордың аппарат басшысы қызметін атқаруда.

Данияр Алтайұлы ұжымда жоғары беделге ие, отандық экономистердің ғылыми-педагогикалық ортасында өзіндік орны бар ғалым. 200-ден астам ғылыми еңбектердің, ғылыми-танымдық мақалалар мен баяндамалардың авторы. Оның ішінде 15 монография, РОМС ұсынған 6 оқу құралы, университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған 5 оқу құралы, 4 оқу-әдістемелік құрал, 2 ғылыми-тәжірибелік материал, 3 электронды оқулық, 6 авторлық куәлік, Scopus деректер базасына енгізілген 13 мақаласы бар. Оның басшылығымен проблемалық тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру аясында «Агроөнеркәсіптік кешен экономикасын өңірлік басқарудың оңтайлы тетігінің тұжырымдамасын әзірлеу» (2015-2017 жж.), «Ауылдық елді мекендердің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы олардың тұрақты даму механизмін қалыптастыру (Алматы облысының мысалында)» (2018-2020 жж.) тақырыптары бойынша сәтті аяқталған жобалардың жетекшісі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру аясындағы «Инклюзивті жоғары білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды ЖОО алдындағы оқытуды ұйымдастыру» (2020-2022 жж.) бас ғылыми қызметкер, «мұғалімдердің студенттерді қашықтықтан оқытуға дайындығын қалыптастыру», (2020-2022 жж.) және «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың оқу процесін ұйымдастыру және қолдау, (2022-2024 жж.) бас ғылыми қызметкер ретінде ірі жобалардың орындаушысы болды.

Данияр Алтайұлының ғылыми байланыстары мен жарияланымдарының аясы алыс-жақын шетелдік ғылыми және білім беру орталықтарындағы жарияланымдарымен кеңіді. Оның ішінде Мәскеу, Малазия елдерінде ғылыми тағылымдамалар және біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімін шыңдады.

Жуырда «Болашақ» бағдарламасы аясында «Педагогика, жоғары білім беруді басқарудағы көшбасшылық» мамандығы бойынша АҚШ-тың Джордж Вашингтон университетінің Эллиотт атындағы Халықаралық қатынастар мектебінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ, ол 2020-2024 жылдар аралығында жүзеге асырылатын «Central Asian Law: Legal Cultures and Business Environments in Central Asia» халықаралық жобасының қатысушысы. Бұл Еуропалық Комиссиясы қаржыландыратын 4 жылдық зерттеу және оқу жобасы.

Жоғары оқу орнында қызмет атқару – қажырлы еңбекті талап етеді. Өйткені мұғалім тұлға ретінде және кәсіби маман ретінде үнемі білімін жетілдіріп, шеберлігін шыңдауы керек. Тәжірибенің, дағдылардың, жоғары біліктіліктің арқасында сіз өз біліміңізді студенттерге шебер жеткізіп қана қоймай, әртүрлі қиын жағдайларда жауаптар мен шешімдер табуға көмектесесіз, сонымен қатар өз қамқорлығыңыздағы адамдардың тағдыры мен іске асырылуына, олардың кәсіби сауаттылығының, құзыреттілігінің, сұранысының деңгейіне жауап бересіз.

Ұстаз еңбегін ұлы ететін шәкірт жетістігі. Данияр Алтайұлының жас кадрларды даярлаудағы еңбегі ерен. Мәселен, ғылыми жетекшілік еткен докторанты А. М. Балтабаева докторлық диссертациясын (PhD) қорғаса, Омбы мемлекеттік техникалық университетінің аспиранты В. Р. Бурнашева кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Данияр Алтайұлына мақсатқа ұмтылу, жауапкершілік, адалдық, инновацияларға бейімділік сияқты жоғары іскерлік және адами қасиеттер тән. Оның әріптестеріне көрсеткен құрмет пен сенімі озық жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен, бизнеспен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Еңбекте ізденіс танытқан жан қашанда абыройлы. Оған дәлел: «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалі (2005); Мұхамеджан Тынышпаевтың 130 жылдығына арналған медалі; ТМД елдерінің «МИР» қоғамдық бірлестігінің және Ресейдің «ғылыми қызметтегі еңбегі үшін» марапаттау комитетінің медалі (2012); ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы-2016» (2016); «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2019); «Жетісу университетіне 50 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталуы.

Ұстаздық келбетімен, терең ойымен, ақжарқын мінезімен көптің көңілінен шыққан зерделі ғалым Данияр Алтайұлы алпыстың асқарына шығып отыр. Іргелі еңбектерімен ғылымның дамуына үлес қосқан Данияр Алтайұлының денің саулық, отбасына амандық тілеп, асар асуларыңыз әлі де көп болсын демекпіз. Білімнің биігіне, ғылымның асқарына талмай, өрлей беріңіз!

**Гүлнар ТУЛЕШОВА,**
**Қаржы және қызмет көрсету саласы бойынша БББ жетекшісі.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00











# АҚПАНДА ТУҒАН АЛЫПТАР

**АҚПАН АЙЫНДА ТУҒАН АЛЫПТАР ДЕСЕК ЕСІМІЗГЕ БІРДЕН ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛ МЕН ПОЭЗИЯ МҰЗБАЛАҒЫ МҰҚАҒАЛИ ОРАЛАДЫ.**

**АҚПАН - ҚАЗАҚТЫҢ «АҚ ЫҚПА» ЯҒНИ БОРАН ДЕГЕН СӨЗІНЕН ШЫҚҚАН ДЕЙДІ ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ. БҰЛ АЙ ҚЫСТЫҢ ЕҢ АУЫР ӘРІ ҚАҺАРЛЫ КЕЗІ. ҚАТТЫ СУЫҚ, АЯЗ, ҮСКІРІК, ДҮЛЕЙ БОРАНДАР ОСЫ АЙДА БОЛАДЫ. АҚПАН АЙЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ӨЗ ЕСТЕЛІГІНДЕ: «ЖАМБЫЛ ТАУЫНЫҢ ЕТЕГІНДЕ, ҚАҚАҒАН ҚАТТЫ БОРАНДЫ КҮНІ МЕН ТУЫППЫН! МАҒАН СОЛ КӨНЕ ЖАМБЫЛ ТАУЫНЫҢ ЕСІМІ АТ БОЛЫП ТАҒЫЛЫПТЫ» - ДЕП ЖАЗАДЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ «АҚПАН АҚЫРЫП КЕЛЕДІ», «АҚПАН – АЛДАМШЫ» ДЕП ТЕГІН АЙТПАСА КЕРЕК. ДЕСЕ ДЕ, ҚЫС ПЕН КӨКТЕМ БЕЛДЕСЕКЕН БҰЛ АЙДА ҰЛАН ДАЛАНЫҢ ТАЛАЙ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ ДҮНИЕ ЕСІГІН АШҚАН ЕКЕН. ОЛАР КІМДЕР? НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА АҚПАН АЙЫНДА ТУҒАН ТҰЛҒАЛАР ТІЗІМІН ҰСЫНАМЫЗ.**

1909 жылы 4 ақпанда ақын драматург, әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, халық жазушысы **Әбділда Тәжібаев** дүниеге келген. Ол әдебиеттану саласында да жемісті еңбек етіп, талантты ғалым екенін танытты. Оның, әсіресе, поэзия мен драматургия саласындағы зерттеулері терең ғылымилығымен, талдауларының нәзіктігімен тәнті етеді. Шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеп мол мұра қалдырды.

1931 жылы 9 ақпанда қазақтың лирик ақыны, қазақ поэзиясының Хантәңірі **Мұқағали Мақатаев** дүниеге келген. Мұқағалиды аспандағы құс төресі ақиыққа теңеуі тегіннен тегін емес. Оның өлеңдері мен поэмалары, аудармалары қазақ әдебиетінің, поэзиясының ең биік шыңына айналды. Ол қалың көпшілік жырларын жатқа айтатын ақындардың бірі.

1914 жылы 15 ақпанда қазақ киносының саңлағы **Шәкен Айманов** дүниеге келген. Қазақтың біртуар азаматы, КСРО халық әртісі, актер әрі режиссер. Оның «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Дала қызы» (1954), «Біздің сүйікті дәрігер» (1958), «Алдар Көсе» (1965), «Туған жер» (1967), «Атаманның ақыры» (1970) фильмдері қазақ кино өнеріне көркемдік төлтумалық дарытқан өміршең туындылар.

1938 жылы 18 ақпанда Мәжіліс депутаты, экономика ғылымының докторы, профессор, академик, Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қызметкер – **Кенжеғали Сағадиев** туған. Ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты: материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері, Қазақстандағы экономикалық реформа теориясы мен әдіснамасы. Ғалымның 150-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрген.

1942 жылы 18 ақпанда Қазақ балалар әдебиетінің бағбаны, қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері - **Ескен Елубаев** дүниеге келген. Қырықтан астам кітаптары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген. «Балабек», «Асар» пьесалары республиканың көптеген театрларында қойылып келеді. Шығармалары қазақ және орыс мектептеріне арналған оқулықтарға енген.

1946 жылы 18 ақпанда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, педагогика ғылымының докторы - **Анатолі Құлназаров** дүниеге келді. Ол дене тәрбиесінің қарапайым оқытушысынан республиканың спорттағы бірінші басшысы дәрежесіне дейін көтерілді. Оның қаламынан 200-ге жуық ғылыми-әдістемелік нұсқаулар, көптеген кітаптар шықты.

1921 жылы 19 ақпанда қазақтың көрнекті заңгері, мемлекет және қоғам қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі **Салық Зиманов** дүниеге келді. Ол бар ғұмырын ел мен жер мүддесіне арнады. Ғалымның еліміздің еңселі, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, келешегіміздің кемелді болуына сіңірген еңбегі өлшеусіз.

1922 жылы 22 ақпанда майдангер режиссер **Мәжит Бегалин** дүниеге келді. Ол соғыс майданынан оң қолынан айрылып оралса да, қазаққа қызмет етсем деген ниетін жоғалтпаған ержүрек режиссер. Бегалиннің отаншылдық пен қазақ батырларының ерлігін дәріптейтін фильмдері көрермендерге көп мәлімет қана емес, жігерлі рух береді. Таңдаулы туындылары – «Шоқан Уәлиханов», «Оның күні туады», «Тұлпардың ізі», «Артымызда – Мәскеу», «Мәншүк туралы ән» фильмдері.

1941 жылы 22 ақпанда қазақтың белгілі жазушысы **Бексұлтан Нұржеке** дүниеге келді. Өзінің ешкімге ұқсамайтын стилімен, соны пішімімен даралана білген жазушы бүгінге дейін бірнеше шоқтығы биік дүниелерді әдебиет айдынына қосты. Жазушы шығармаларының негізгі арқауы – әйел махаббаты.

1917 жылы 21 ақпанда Қазақ театр өнерінің заңғар тұлғасы, қазақтың көрнекті сахна шебері **Хадиша Бөкеева** дүниеге келді. Қазақстан және КСРО халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, қайталанбас дара шеберлердің бірі. Майталман актриса қазақ сахна өнерін айрықша мазмұнға, рухани-мәдени мағынаға бөлеген ғажайып талант иесі болып театр тарихында мәңгіге бедерленді.

1946 жылы 22 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті болған **Нағима Айтқожина** дүниеге келді. Ол Қазақстандағы молекулярлық генетиканың, молекулярлық медицинаның, Ғарыштық биология мен биотехнологияның, этногеномика мен палеогеномиканың негізін қалаушы. Қазақстандық зерттеудің жаңа бағыттары – адам, өсімдіктер мен микроорганизмдер геномын зерттеп дамытқан геном зертханасының ұйымдастырушысы және бірінші меңгерушісі.

1916 жылы 25 ақпанда қазақтың тамаша әншісі, кино актері **Кәукен (шын аты Әбдірахым) Кенжетаев** дүниеге келді. Репертуары бай, сезімге терең бойлайтын дара талант. Ағасы Шәкен Айманов туралы жазған «Дархан дарын» атты кітабы бар. Әншінің «Алтыбасарды» орындауын вокал өнерінің ең биік үлгілері қатарына қоюға болады.

1918 жылы 28 ақпанда – қазақтың белгілі композиторы **Садық Кәрімбаев** дүниеге келді. Бала күнінде шешекпен ауырып, зағип болып қалған сазгердің шығармалары кеңестік дәуірдің ән шежіресі іспетті. Халық арасына кең тараған әндерінің негізгі бір саласы – лирикалық әндер «Сағындырған сәулем-ай», «Күтем сені», «Сүйген сәулем Ақерке», «Ақ тотым», «Ақтамақ», «Айлы түнде», т.б. Композитордың әндерін Күләш Байсейітова, Бибігүл Төлегенова, Жүсіпбек Елебеков, Ермек Серкебаевтар орындаған.

1846 жылы 28 ақпанда «Дала Гомері» атанған данагөй тұлға, ұлы жырау - **Жамбыл Жабаев** дүниеге келген. Ол он жасынан бастап қолына домбыра алып өлең шығара бастаған. Ақынның соғыс жылдары Отан қорғау тақырыбына арнап шығарған жырларының жалпы көлемі 3000 жолдан асады. Алайда 92 жасына дейін бірде-бір өлеңдері қағаз бетінде сақталмаған екен. Тек 92 жасында ғана оған хатшылар тағайындалып, қазіргі уақытта 3000-ға жуық өлеңдері қағаз бетіне түскен. Шығармалары 44 тілге аударылып, дүние жүзіне тараған. Халық әдебиетін, өзінен бұрынғы ақындар шығармаларын, ауызша тараған жыр-дастандарды жатқа білген. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша, миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтатын болған.

1913 жылы Романовтар әулеті 300 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл тойға Жетісу ақын-жыршылары Жамбыл атамыз бастап барады. Сол кезде Жамбыл атамыз 67 жасында тұңғыш рет фотосуретке түседі. Дүниеден озған уақытында тоқтап қалған сағаты музейде ілініп тұр.

**Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

# БАЛАБАҚШАДА ҚАНДАЙ ТЕХНОЛОГИЯ ҚОЛДАНЫП ЖҮР?

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Бұл жаңа мақал емес, жаңа заманның талабы. Иә, балабақша жай ғана баланы таңнан кешке дейін қарап беретін мекеме емес, оның алғашқы ой өрісін дамытып, қоршаған орта мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыратын тәрбие ошағы. Қазір адам капиталы бәсекеге түскен заманда ата-аналардың басым бөлігі жұмысбасты. Немересін бауырына басатын «Ата-әжелер институты» некенсаяқ. Осы тұста ата-ана алдында баламды қандай балабақшаға берсем? - деген үлкен мәселе туындайды. «Ең жақсы мектеп – үйге жақын мектеп» демекші, кез келген ата-ана үйіне жақын немесе ел мақтап жүрген балабақшаны таңдағысы келеді. Сондықтан, қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруге қоғам үлкен талап қойып отыр. Көптеген дамыған мемлекеттерде мектепалды даярлық міндеттелген. Жалпы, ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейі жоғары, әлеуметтік ортаға тез бейімделе алатын, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу бүгінгі басты мәселе. Кез келген оқыту үрдісінде балаларға сапалы білім беру үшін олардың танымдық іс-әрекетін мақсатқа жеткізетіндей әдіс-тәсілдерді қолданады. Қазір балабақшаларда қандай технологияларды қолданып жүр? Осы мақсатта қаламыздағы №14 "Айбөбек" бөбекжай балабақшасына барып қайттым. Қазіргі мен бұрынғы балабақшада қолданылатын әдістердің айырмашылығы жөнінде, жалпы бүлдіршіндеріміздің балабақшада қалай білім алып жатқаны жайлы сұрадым.

**№14 "Айбөбек" бөбекжай балабақшасының әдіскері Шынар Мұратқызы:**

Балабақшада жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Қазір түрлі педагогикалық технологиялар бар. Жаңа білім беру бағдарламалар бойынша түрлі технологиялар ойластырылған. Соның бірі «Триз технологиясы». Ол балаға шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және есте сақтауына, сөйлеуді, ойлауды, салыстыруды үйренуіне септігін тигізетін әдістің бірі. Мысалы, бұл технологияда логикасын, салыстыруын дамыту үшін туыстығын тап, не артық, не жетіспейді деген сияқты ойындар ойнатылады. Ал диалог құруды қуыршақпен сөйлесу арқылы үйретуге болады. Осының барлығын балаға ойын арқылы түсіндірсе, есінде бірден қалады. Мәселен, «Блум текшесі» әдісі, «Ой қозғау әдісі», «Салыстыру» әдісі бар. Сурет бойынша балалардың тілін дамытып, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру үшін жылдың төрт мезгіліне байланысты суреттер құрату. Командаға бөлініп жұмыс жасау әдістері бар. Бұл жерде командада спикерлері болады. Балалар өздерін өздері бағалайды. Ерте жастан бір-біріне баға беруді, өз өзін бағалауды үйренеді.

**№14 Айбөбек бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі Меруерт Малғаждарқызы:**

Балалар кіршіксіз таза жүрекпен жаралған періштелер. Оларға біздің күйбең тіршілігіміз қызық емес. Оладың бар айналысатын шаруасы ойнау. Сондықтан барлық балабақшадағы технологиялар ойын форматында жүргізіледі. Ойын – жай ғана ермек не уақыт өткізу амалы емес, балалардың дұрыс өсіп-дамуында ерекше рөл атқаратын тәрбие құралы. Ойнау арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамытуға болады. Мысалы: өзім көп қолданатын триз технологиясы. Ол баланы барлық жағынан дамытып икемді болу, дұрыс сөйлеу, ізденімпаздық, логикалық ойының дамуына үлкен септігін тигізеді.

**Салтанат НҰРБОЛАТ,**
**ЖК-412 топ студенті.**

№2 (227)
17 aqpan,
2023 jyl
Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00



*1938 жылы 26 ақпанда Ілияс Жансүгіров ату жазасына кесілді*

# ІЛИЯС ПЕН ЧЕХОВ ҮНДЕСТІГІ

Қай ақын-жазушы болмасын шығармасының айшықты, көркем, сонымен қатар шындыққа жанасатындай реалды түрде шығуы үшін оған негіз боларлықтай түйін, идея, сюжет іздейтіні белгілі. Онсыз өлең, әңгімесінің не повесінің көркемдік аясы, мазмұны композициялық желісі жұтаң тартары, әлсірейтіні заңды. Бұл жайсыздықтың болмауы үшін қай елдің қаламгері болмасын әр түрлі әдеби тәсілді пайдаланып, талапқа сай, оқырманның жүрек кілтін қозғарлықтай шығарманы жарыққа шығарады.

Мәселен, орыстың классик жазушысы А.П.Чехов жолда тұрған небір қолайсыздықтарды жеңе отырып, қай орта болмасын соның ішінде болып, өз көзімен көріп, сезіп, ой-елегінен өткізіп барып, шығарма жазуға беттейді. Бұған оның сан түрлі, көңіл қошын табар жүздеген туындылары куә. Айталық, «Шинель», «Хамелеон», «Ресейдегі дәрігерлік жұмыс» атты еңбегін жазды. Тұңғыш повесть, әңгімелер жинағы - «Мельпоменаның хикаялары» 1884 жылы шықты. «Сахалин аралы», «Жуан мен жіңішке», «Қасірет», т.б. туындылары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылып, әлем әдебиетінің алтын қазынасына қосылды.

Ілияс 1925-1928 жылдары Мәскеу Коммунистік журналистика институтында оқыған тұстары Антон Чеховтың әңгіме-повестеріне, оның өмір сүру принципіне қызығушылық танытады.

Ілияс секілді Чеховтың да балалық шағы өзгеше өткен. Басқа балалардай көшеде ойын қуып, қыдырудың орнына ол таңғы бестен түнгі он бірге дейін бауырларымен бірге әкесінің дүңгіршегінде жұмыс істеген. Жұмыс істеп жүріп, гимназияда білім алып және цирк хорында ән салып та үлгерген. Әкесі отбасы мүшелеріне қатал болғандықтан, Чеховқа тігіншілік өнерін меңгеруге тура келеді. Осылайша жазушының балалық шағы да, жастық шағы да өте ауыр өтеді.

Ал Ілиясқа келер болсақ, оның әкесі де бала тәрбиесіне қатал болады. Балалық шағында қой-қозы бағып, өлең-жырдың, ауыз әдебиетінің бел ортасында жүріп, өзі де аздап өлең жыр жазып жүреді. Бұл екі классик жазушының жас шақтарындағы өмірдегі параллель жолдары екені айқын. Кейінгі кезеңдер де екі классик жазушының жазу мен өмір болмыстарынан көп ұқсас тұстарын көруге болады.

Айталық, 1890 жылы Чехов Оңтүстік Сахалин аралдарында болып, барлық ауылдарды аралайды. Ал сол жылдары аралда жаңа қоныс аударушылар мен қылмыскерлер көп болатын. Сондай ауылдардың бірінде ол Сонька деген лақап атпен жақсы таныс әйгілі ұрлықшы Софья Блюфштейнді кездестіреді. Ол зергерлік бұйымдарды ұрлағаны үшін Сахалин аралдарында қылмыстық жазасын өтеген. Сол адаммен әңгімелесіп, кейін осы туралы «Сонька» деген әңгімесін жазады. Сол туындысы мейлінше реалистік бояуы қалың, тартымды болса, Ілияс 1922 жылы «Күң өлімі» деген әңгіме жазған. Мұндағы ұқсастық біріншіден, екі жазушы да өздерінің персонаждарын көріп біліп, сөйлесіп, алдын ала жоба жоспарын жасап, содан кейін ғана туындыларына кіріседі.

Чехов өзінің шығармаларын бүркеншек ат арқылы жариялағанды жақсы көрген. Оның 50-ге жуық бүркеншек аты болған. Соның ішінде ең танымалы Антоше Чехонте болған. Ал Ілияста жазылған еңбектері «Оқшау сөз», «Шашауша», «Әзіл-оспақ» рубрикаларымен жарыққа шықса, өлеңдері мен әңгіме-повестерін, көбінесе, Матай, Құйқалық, Балгер, Таңқыбай, Жа-жа, Сақа, Ағын, Салпаңқұлақ сияқты бүркеншек аттарымен шығаратын. Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров шығармаларына тақырыбы мен мазмұнына сәйкес орынды да ұтқыр атау таба білу шеберлігі ерекше екендігін атау қажет. Әр өлең, повесть-әңгімеге жақсы тақырып қою да оңай іс емес. Ол оқырманды туындыға тарту үшін де, сонымен бірге, тақырып атының қысқа, қарапайым, образды, күлкілі, идеясына лайықты, астарлы болуы ғана оқушыны қызықтырады. Бұл жағынан келгенде Ілияс алдына жан салмайтын.

Ілияс сонымен бірге өз халқының ішінде талабы бар, болашағынан үміт күттірер бауыр-інілеріне ерекше қамқор болған жан. Сондай інілерінің бірі – Болатхан Тәшенов. Оның бойындағы талап-талғамын ескеріп, оны Мәскеудегі Түсті металл институтына оқуға түсіріп, әрдайым эссе - хат жазып, бағыт-бағдар беріп отырған. Эпистолярлық жанр арқылы халқының болашақтағы үлкен биіктерге шығатынын, қазақ жұртының ешбір елден кем еместігін, ол үшін бірінші кезекте оқу-білімді қузау керектігін әрдайым еске салып отырады.

Орыстың классигі Чеховке келсек, ол да 100 жыл бұрын өз бауырына хат жазады. Маскүнемдікке салынған дарынды суретші рухани құлдырауға ұшырағанын көріп, оны осы жаман жолдан шығуға көп күш салады. Антон Павлович Чехов бауырының бұл әлсіздігін білген, әрқашан уайымдап, Николайдың өз дарынын жерлеп жүргеніне налыған екен. Ол: «Орыстың дарыны құрып барады, бұл тектен-текке емес» деп жазады. Оның өмір салтына қарны ашатынын айтып, оңалдырғысы да келген. Бірқатар хаттарының ішінде Антон өзекті тақырыпты қозғап, ащы болса да, шындықты айтады. Әрбіріміз маскүнемдікке салынбасақ та, «мені ешкім түсінбейді» деп торығуды бастан кешіруіміз мүмкін. Қоршаған ортаның аяушылығын тудыру, өмірлік жеке проблемаларды қаузап отырып, біз өзіміз үшін де, өзгелер үшін де қиындық тудырамыз – дейді орыс әдебиетінің ұлы классигі.

**Сонымен, хатының толық нұсқасы мынадай:**

*Сен жиі зарыңды айтатынсың. «Мені ешкім түсінбейді!» деумен келесің. Мұндай жағдайды бастан өткерген Гете де, Ньютон да зарын төкпеген еді... Сені бәрі де түсінеді... Ал өзіңді-өзің түсіне алмай жүруіңе өзгелер кінәлі емес...*

*Сенің жақын бауырың ретінде бар қайғы-зарыңды түсінемін. Сенің жақсы қасиеттеріңді де жазбай танимын, құрмет тұтамын. Ал егер сенбесең, дәлелдеп-ақ берейін. Меніңше, сен өте қайырымды адамсың, эгоист емессің, соңғы тиыныңмен де бөлісе аласың, шынайысың, көре алмаушылық пен қызғаныштан адасың, қарапайымсың, адамдар мен жануарларды аясың, залым емессің, кекшіл емессің, өзгеге оңай сенесің... Сен дарындысың, бұл қасиет өзгелерде жоқ. Бұл дарының сені миллиондаған адамнан биік қояды, ал әлемде 2 000 000 адам болса, соның ішінде біреуі ғана дарынды суретші...*

*Сол дарының сені әлемі бөтен бір жағдайға апарады. Сен тіпті бақа немесе бүйі болсаң да, сенің сол дарындылығың үшін бәрі құрметтейтін еді. Сенде бір ғана кемшілік бар. Сол кемшілік сенің қайғыңды, қате тұжырымыңды тудырып отыр. Бұл – сенің тым тәрбиесіздігің. Кешір, әрине, бірақ veritas magis amicitiae... Өмірдің өз талаптары мен заңдылықтары бар... Зиялылар қауымында өзіңді судағы балықтай сезінуі үшін әрбір адам ең бірінші кезекте тәрбиелі бола білуі керек...*

*Дарындылығың сені осы зиялылар қауымына алып келді. Бірақ сен бұл ортадан безіп кеткің келеді. Сен сол зиялылар қауымы мен vis-a-vis тұрғындарының ортасында қалбалақтап жүрсің... Ауылдың көк иісімен өскен адамға бұл қиын, өте қиын.*

Ілияс өз бауырына да жаны ашып, Мәскеуде маскүнемдер мен жезөкшелерден алыс жүруін еске салып отырады. Онда барып оқығандағы мақсат – жақсы білім алып, еліне оралып, халқына қалтықсыз қызмет қылуын қалайды.

Әрбірден соң Чехов деген жеке адам, жазушы ғана емес көркемдік ойдың жаңа сатысы, әдебиеттегі үлкен бір сарқылмас арна болып елестейді. Осы арна қазақтың жаңа ғана қаз тұра бастаған прозасына Ілияс Жансүгіров бейнесінде келді. Біз Ілиясты қазақтың Чехові деп мақтанышпен атай аламыз. Бірақ бұл сөзден Ілияс Жансүгіров Чеховке жалаң еліктеуші немесе Чеховтің қазақша көшірмесі деген ұғым тумасқа керек.

Чехов ұлылығының бір сыры — оған ешкім тікелей, жалаң еліктей алмайды. Чеховке ұқсады деген жазушыларымыз — Чеховтің көркемдік, эстетикалық принципін ұстанып, өз халқының өмірінің сан қилы қатпарын қопарып, тыңнан жол салушылар. Ондайлар әр халықта бар.

Чехов біздің бүгінгі әдеби тәжірибемізге де үлкен ықпал жасауда. Ауыл шаруашылығы, өндіріс туралы романдардың жасанды, дайын конструкциясын сындыруда схематизм мен штамптан арылуда Чехов өнегесінің орны ерекше. Өйткені, ол өмір құбылыстарын автор қиялында дайын тұрған шығарманың сюжеттік заңына иіп әкелген жоқ, әрқашан оқиғаның дамуын өмірдің өз логикасына бағындырды. Жұрт күнде көріп аңғармай жүрген нәрселердің ерекше сырын аша білді. Сөйтіп, ол жазушы көзі көре білсе — өмір деген дүниенің түпсіз терең екенін, оның алуан түрлі сарқылмас сыры барын көрсетіп кетті.



Ілиястың өзі Мәскеуде оқуда жүрген тұста оның өлең мен прозалық туындыларын жазуда Михаил Кольцов өз әсерін тигізгендігін айта кеткен жөн. Ол Ілияспен тұстас, замандас, оның тағдырына тағдыры ұқсас М.Кольцов әңгімесін жазардан бұрын оны кеңінен пысықтап әр адаммен ерінбей-жалықпай әңгімелесіп, ақиқатына жетіп жазатыны, тіпті, таксист өмірін танып-білу үшін оншақты күн таксист болғандығын өз замандастары растайды.

Ілияс та бұл әдеттен ада емес. Оның әр өлең мен әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетіндігін шығармалардан айқын аңғаруға болады. Ол үшін қай жерде болмасын қолы қалт еткенде, қасындағы серіктеріне әңгіме айтқызып өзі де соған қызу қатыса отырады. Жай айта салу емес, оған үлкен мән беріп, майын тамыза көріктендіре айтқанды жөн көреді, ал өзімен әңгімелескен адамдардан естігендерінің ішінен қызықтысын, шұрайлысын әр деталіне дейін анықтап сұрап, өзінің жазар әңгімесіне, повесіне арқау етеді.

**Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,**
**Ф.ғ. д, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ФДББ профессоры.**



# ПРИГОВОР, ВЫНЕСЕННЫЙ ПРЕСТУПНИКОМ

**МЫ РЕГУЛЯРНО ВЕДЕМ РУБРИКУ «PROЧТЕНИЕ», В КОТОРУЮ ПОПАДАЮТ НОВИНКИ ИЗ МИРА ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ. ВО-ПЕРВЫХ, ИЗ НИХ ДЕЙСТВИТЕЛЬНО МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ЦЕННУЮ ИНФОРМАЦИЮ, А ВО-ВТОРЫХ, ТАК ВЫ ЗНАКОМИТЕСЬ С КНИГОЙ И СТИЛЕМ АВТОРА. А В ЭТОМ НОМЕРЕ МЫ ХОТИМ ПРЕДСТАВИТЬ ВАШЕМУ ВНИМАНИЮ РЕЦЕНЗИЮ НА РОМАН Ф. М. ДОСТОЕВСКОГО «ПРЕСТУПЛЕНИЕ И НАКАЗАНИЕ».**

Можно ли считать человека «преступником» только потому, что он хотел попробовать жизнь на вкус, имел право голоса и шел по зову сердца? Дозволено ли оскорблять, не зная истинных причин, клеветать его за спиной, сидя на удобном кресле у камина в тепле, не зная даже в лицо и лично?

В этом мире, как пишет Достоевский, кто крепок и силен умом и духом, тот над другими и властелин. Кто многого «посмеет», тот и всех правее! Так было и будет. На все времена одни законы, под различными масками скрывающиеся. Вот и вся мораль. Надо просто «смочь». Такие мысли требуют практики, нежели оставаться «теориями» на страницах старых, пылью покрытых книг. Р. Романович только и хотел понять себя – сможет ли он переступить через законы правосудия или останется в тени собственных сомнений, осмелится ли взять эту власть, проклятую богом или же даст возможность другим?

Как и любой человек, он хотел попробовать, а как иначе?! Людям ведь свойственно любопытствовать. Не его вина, что не смог сдержать свою внутреннюю необходимость. Силы иссякли, надо было чем-то наполнить кувшин души. В нужный момент никто не думает чем именно. Слезами, кровью? Можно бы и потом, силой честного труда...

Возможно, этот роман вложил в себя окраски разных мыслей, чувств и приоритетов. То, что мы сейчас обсуждали – внутренняя борьба человека самим собой, психологический портрет каждого из нас. Ведь читатель уникальнейшим образом видит себя, рассуждает свои интересы и мотивы своего преступления по раскольниковским законам. Неважно, убили, кого, чем и как. У каждого свое орудие преступления, к примеру, запретная любовь, с которым не суждено быть вместе. Быть может это и влечет нас, порой, переходить границу дозволенного. Ведь запретный плод всегда сладок. Или же полицейский, который по ночам шил одежду и всю жизнь мечтал стать дизайнером. Тот, кто боялся, что за это его будут дразнить, унижать. Скрывал себя, настоящего, за занавеской. Ему, точно ему бы дать ту волю и смелость Раскольникова. Ему бы «осмелиться» и захотеть. Вот, что автор хотел донести до нас. «Топор и злодей» – всего лишь образные инструменты в руках мастера. Автор может менять героев, местоположение, даже ситуацию, но главное – неизменно: идея стремится к своей цели, несмотря на тернистый путь.

Если Родион хотел так сильно и упорно взять ту самую «власть», если жадно горели глаза, то кем он был на самом деле? И тут же он противоречит своей теории, главное, самому себе. Хотеть «завладеть» – значит не иметь: внутренний голос, самооценку. Это часто те, кто занимаются организацией чужих идей и работают над ними из-за всех сил. То есть, люди любящие подчиняться, они от этого получают полное спокойствие. Думают, что живут без заботы и страха за свою жизнь, забывая, что давно потеряли её, продали душу за копейки. Так, он из разряда людей, которые право не имеют? Но это не все: идти к своей, давно запланированной, цели уверенно против всех законов – черта «сильных». И если же Раскольников все-таки сумел совмещать в себе два разных характера, то это означает одно: автор хотел показать, что люди никак не делятся на две категории, а скорее эти качества двух типов всегда живут в одном человеке. Как и Раскольников, люди не бывают хорошими, плохими, обыкновенными или необыкновенными. Бывают лишь ситуации и эмоции. Например, человек не бывает злым, он просто испытывает злость. Есть одна философская притча на эту тему. «В каждом человеке идет борьба, очень похожая на борьбу двух волков. Один волк представляет зависть, ревность, сожаление, эгоизм, амбиции, ложь. Другой же представляет мир, любовь, надежду, истину, доброту, верность. Но в конце пути побеждает тот волк, которого мы кормим». Я отметила это как эмоциональный ракурс произведения. Есть и другая сторона медали: социальная структура романа.



Теперь переходим плавно на политический берег. Этакий роман содержит не только колоритные краски литературного вдохновения, но и является настоящим макетом общества, обыденной жизни обычных граждан. Как Вы думаете, почему Федор Михайлович выбрал студента, а не простого рабочего из фермы, например? Так потому что студент – слово ассоциирующееся с легким ветерком молодости, искренности, скорее это молодое поколение. Далее, старуху-процентщицу я выбрала в роли государства. Никому ненужное, бесполезное, ненасытное государство. А народу всегда нужен был лидер, он ждал годами, надеялся, но когда огонек надежды потух, он взял все в свои руки. Как и Раскольников, народ хотел быть властным, сделать шаг навстречу своим бедам и он смог это. Не взявши и копейки, он шел гордо и смело. Не нужны были ему авторитет да состояние. Самое главное было сделано: доказал, что обычные люди стоят всегда на ступень выше всех приоритетов и глупой морали высокооплачиваемых, уважаемых...



Пострадала-то совсем невинная, как и дитя ее, старухина сестра. Как же М. Достоевский мог позволить такой несправедливости свершиться? Елизавету, я взяла в образе "подчиненных", простых работников. Тихие, немые существа. Им всегда не хватает смелости высказаться из-за своей трусости. Они часто получают вместе, скорее всего вместо государства по заслугам.

А вот Сонечка – надежда, умирающая последней. Лучик солнца в конце тоннеля, ибо радуга после долгих дождей. Пустая, вечная драма Веры. А кто верит, что в конце всё закончится как в сказке? Ничего подобного! Хоть и описывал автор красивыми словечками, как горели глаза Раскольникова, сверкая искрами, какой уверенной походкой он не шел бы дальше: всему своё чудо. Он так и не признал своей вины, не признал, значит, не был до последней капли удовлетворен обстоятельствами, а важнее всего, его последствиями. Он не признал, что достиг цели, которая обошлась ценой жизни, точнее, существования. Целью его была – равенство! То, чего нет и терять нестрашно.

Мармеладов – начало игры. Та самая идея, которая сгубила жизнь, но дала возможность утолить жажду.

Еще один ключевой момент: почему именно студент юридического факультета? И, впрочем, может и не момент, а скорее и есть идея написания? Молодой будущий юрист, который мог бы стать отличным специалистом своего дела, работал бы на благо страны... Но, чтобы стать профессионалом, надо учесть все аргументы, знать все правила «вора в законе», понимать чего добивается, как был сделан шаг, переосмыслить, переоценить. Знать преступника – значит: говорить как преступник, думать как преступник и делать как преступник. Может это и подтолкнула его на дело?

Стивен Кинг как-то сказал: «В нашей душе есть что-то такое, что непреодолимо влечет нас к безумию. Каждый, кто смотрит вниз с края крыши высокого здания, чувствует хотя бы слабое болезненное желание спрыгнуть вниз». Может он хотел попробовать себя в роли нападающего, чтобы понять, какого быть им? Что же испытывает преступник после того, как он достигает цели: угрызения совести или же радость за свою безобразную, но соблазнительную дерзость? Страх или горечь? Потерю или гордость? Но Раскольников испытывает то и другое одновременно. Его душит волнение за бедную Елизавету, но не мучает совесть за старуху. Родион до последнего верит в свои мотивы. Не сдается властям, хочет наказать себя сам. Для начало полностью уничтожает себя изнутри. Отдаляется от близких и родных. В последние дни пытается помочь, протянуть руки тем, кто дорог. Тем, кто доверял, тем, кто видел в нем что-то человеческое, что-то похожее на надежду. А потом сознался тому, кто имел право знать истину, кто жертвовал собой ради него, кто был рядом до последнего вздоха и ни на минуту не жалея об этом любил и страдал от этой любви... достойному человеку. И только под конец, как законопослушный гражданин, тащит себя к столу правосудия. Он идет за своей победой, за своей медалью: за заслуженным и достойным наказанием. Ведь тюрьма вовсе и не наказание, а изменение местоположения.

Прекрасный роман, написанный гениальным художником и великим психологом, на века. Каждого охватывает чувство вины, любви, эгоизма. Но это и есть нормальность. Ведь нормальных людей не бывает, мы все разные: смешные, глупые, красивые. И это нормально. Будьте самим собой, не меняйтесь ради временных. Каждый получит то, что посеял. И каждому преступлению есть свое наказание, но наивысшее из них: «честный приговор, вынесенный самим преступником»!

№2 (227)
17 aqpan,
2023 jyl

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00



## Елу – ердің жасы

*Жаратылыстану жоғары мектебінің деканы, п.ғ.к. Есенғабылов Іляс Жансеркеұлы, сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! 2005 жылдан бері білім мен ғылым саласында еселі еңбек етіп жүрген білікті маман, жаңаша серпіліс әкелген ұлағатты ұстаз, әрі басшы ретінде өзіңізді құрмет тұтып, сыйлаймыз. Ғұмырыңыз шуақты күнге, шығармашылық табысқа толы болсын!*

*Өткен күннің артта қалып елесі,*
*Тіршіліктің жылжи берер кемесі.*
*Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған*
*50 жастың құтты болсын белесі!*
*Құтты болсын мерейлі тойларыңыз,*
*Орындалсын арман-тілек, ойларыңыз.*
*Шаттықпен еш алаңсыз өте берсін,*
*Алдағы жылдарыңыз, айларыңыз!*

***Ізгі ниетпен Физика-математика бағыты бойынша БББ ұжымы.***



# ЧЕЛОВЕКОМ МАЛО РОДИТЬСЯ

Человек наделен разумом и душой, где плещут хрустальные родники, распускаются сказочные цветы и поют волшебные птицы. А ведь он обязан, не нарушая баланс, беречь не только свой внутренний мир, но и внешний. Увы, люди привыкли смотреть на биосферу как на универсальную кладовую и свалку, забывая, что это их дом...

Лепсинск прекрасен и летом и зимой. Я видел, как горы покрывались снегом, словно белым пушистым одеялом. Помню скованные льдами реки и водоёмы. Даже сейчас чувствую холодный влажный воздух. И кто мог подумать, что покинувший родной край студент наконец-то поймет, что он его неотъемлемая часть. И моя главная цель на сегодня – приумножить неповторимую красоту одного из филиалов РГУ Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка, где привлекательными объектами являются: лесной питомник, величественная яблоня Сиверса, прародительницы всех яблонь земли, а также уникальные генетические ресурсы. Мы все должны помнить, что дикоплодовые леса имеют не только национальное, но и глобальное значение. Долг каждого казахстанца – беречь и в меру своих сил сохранить этот казахстанский яблоневый рай.

Хотелось бы отдельно заострить внимание на жемчужинах парка. Жасылколь – неописуемо чудесное озеро с кристально чистой водой, которое к весне становится прозрачным, как слеза и приобретает слабый изумрудный оттенок. И хвойные насаждения, отражаясь, тоже придают зеленый цвет. Еще до революции наши предки ездили торговать в Китай. Возле пруда была заимка лесорубов. Лес трелевали на быках, и он уходил на строительство Турксиба. Местные старожилы рассказывали, что там есть интересная подводная тропа. А склоны ущелья покрыты большими лесными массивами из стройных елей и пихт. Здесь обитают гордость и символ нашей страны, красавец снежный барс, медведи. Следуя по маршруту, взору открываются чудесные пейзажи. Флора и фауна здесь очень разнообразна.

Родная местность видится человеку как-то особенно великолепной, фотогеничной и неспроста. Это связано с тем, что она обладает своеобразной энергетикой. Можно часами описывать живописность, но лучше увидеть все своими глазами. Окружающая среда подарит вам незабываемый отдых и будет манить вас приехать вновь. Ведь аромат цветов и трав будоражит воображение. Трели птиц и жужжание различных насекомых успокаивают и снимают стресс. Это то, в чем нуждается каждый человек. Мы, будущие педагоги, должны научить детей не только брать от природы, но и заботиться о ней, охранять ее. С этого и начинается ответственность за всё живое на планете. Человеку нужна Родина. И охранять природу – значит охранять Родину.

**Самат АБИШ,**
**студент.**

# ПО РЕЛЬСАМ МЫСЛЕЙ

Держись, машинист, коли трудно; значит едем на подъём!

— Слушаю Вас?

— Мне один билет с рисунком клевера, пожалуйста!

— На удачу?

— Нет-с, как кусочек домашней теплоты! Лентяи, чтобы объяснить чужой успех, придумали слово это.

Улыбнусь и уйду молча... Взглядом пробегусь по знакомым до боли вагонам. Я – вечный путник, мотающийся по шумным городам, где в белых домах сидят слепые, за воротами дома – немые. В глуши глухой народ спит и видит сладкий сон. Увы! А я всё брожу в поисках счастья...

В глаза мне бросилось колечко с бриллиантом напротив сидящей девушки. Улыбка сквозь слезы. Быть может в блеске счастье, что промелькнет и погаснет? А у двери, не с горячим чаем со вкусом лимона в руках, а с младенцем стояла проводница, чьё имя – Мать. Уставшая, бледная. Слабость, не устоять перед этим ангелом, придавала ей силы намного больше, чем опора, сидящая дома.

— Замолкни, дитя! — возмущенно проговорил прокуренным голосом человек, который жадно сжимал в руках свой старый лорнет и газету. Но это еще не показатель интеллекта. Ведь знания без воспитания – враг человечества. Он как ветер, пустой, бушующий, был да стих. Ни следа за собой, кроме теорем и ненужных слов.

Громкий смех и свист молодых людей, что играли в карты у прохода, убили спокойствие больного старика, который дрожащими руками еле держал стакан воды. Вот же она молодость, энергия, свобода мыслей и полет фантазий. Но увы, алчность, невежество овладели и взяли власть над их разумом.

Один маршрут – разные цели. Каждый пассажир убеждён, что именно его представление об абсолютном счастье и есть совершеннейшее.

— Где мы? Здесь! Кто мы? Этот момент! Сейчас – это всё, что у нас есть. Пытаясь понять себя, мы начинаем изучать все вокруг. Знание, талант, упорство, ум и характер создают картину. Честность и справедливость наполняют полотно радужными красками! Так и мы, разные, непохожие, дополняем друг друга. Лишь через объединение люди обретают то совершенство, к которому они предназначены по своей природе. Путь к счастью делает нас счастливыми, а не цель.



*7-8 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ.*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

**Медиаорталық басшысы**
**Баян Шаянбаева**

**Бас редактор:** А. Иебекова
**Тілші:** С. Әшірбекова
**Корректор:** А. Махимова
**Дизайнер:** Н. Елшібеков
**Фотограф:** С. Туранов

- **Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.**
- **«Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.**
- **Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.**
- **Газет айына бір рет шығады.**
- **Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
**Байланыс телефоны: 12-00**

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №216**
**Таралым 2000 дана**